

МРНТИ 16.21.49

Ә.М. Қызырова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана, Қазақстан)

## «ҮЛКЕНДІКТІ» БІЛДІРЕТІН ПАРЕМИЯЛЫҚ КОНЦЕПТІНІҢ ДҮНИЕНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ КӨРІНІСІ

### Аннотация

Мақалада салыстырмалы тұрғыда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің паремиялық бөлімшелерінде көрініс тапқан стереотиптер қарастырылады.

**Тірек сөздер:** паремиология, этнос, мақал-мәтелдер, дүниенің тілдік бейнесі.

А.М. Кузырова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>L.N.Gumilyov Eurasian National University  
(Astana, Kazakhstan)

## CONCEPT «SENIORITY» IN THE KAZAKH, RUSSIAN, ENGLISH LINGUISTIC WORLDVIEW

### Annotation

The paper is devoted to the issues of comparative linguistic cultural studies, the stereotypes of precedence which are reflected in the pemiologies of Kazakh, Russian and English languages.

**Keywords:** pemiology, ethnos, proverbs and sayings, the linguistic picture of the world.

А.М. Қызырова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва  
(Астана, Казахстан)

## ПАРЕМИЧЕСКИЙ КОНЦЕПТ «СТАРШИНСТВО» В КАЗАХСКОЙ, РУССКОЙ, АНГЛИЙСКОЙ ЯЗЫКОВЫХ КАРТИНАХ МИРА

### Аннотация

В статье в сопоставительном аспекте рассматриваются стереотипы концепта «старшинство», получившие отражение в паремиологических единицах казахского, русского и английского языков.

**Ключевые слова:** паремиология, этнос, пословицы и поговорки, языковая картина мира.

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс. Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде түйінделеді. Әлемдегі тіршіліктің инабаттылық саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән паремиялық бірліктерді молынан табуға болады.

Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған мақал-мәтелдері – тіл, фольклор қазынасының бір бөлшегі мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдерде В.Гумбольдт, Л. Блумфилд, Э. Сепир, Л. Вейсгербер, Ә. Қайдаров, т.б. беделді ғалымдардың зерттеулерінде келесі ой тұжырымдалған: әр халықтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен наным-сенімі, әдет-ғұрыпы мен салт-дәстүрі оның мақал-мәтелдерінде өз таңбасын, ізін қалдырды. Академик Ә. Қайдаровтың пайымдауынша «Этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен тілден іздеуіміз керек» [1, 20 б.].

Біздің ойымызша, этностың дүниетанымы да өткендегі тарихымен қоса мақал-мәтелдерде көлемді орын алып, ұлттық сипатта жүзеге асырылады. Мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер, халықтың жадысында, санасында сақталған, ұрпақтан ұрпаққа ауызша түрде берілетін халықтың адам, оның мінез-құлқы, адамгершілік қасиеті, жас ерекшелігі, туралы білімдерді бүгінгі күнге дейін жеткізеді.

Адамның жас ерекшелігіне қатысты атаулар этнолингвистикалық тұрғыдан Қ.Ә. Жақатаевтың жұмысында қарастырылған. Адамның жас ерекшелігіне, жынысына байланысты атаулар мен тұрақты тіркестер осы еңбекте этнолингвистикалық мән-мағыналары толық айқындалды» [2, 67 б.]. Біздің мақаламызда паремиологиялық бірліктер, біріншіден, адамның жас ерекшелігіне сай, біз мақал-мәтелдерде көрініс берген «үлкендік» ұғымын зерттеуге назар аударамыз; екіншіден, «үлкендік» ұғымын білдіретін мақал-мәтелдер когнитивтік бағытта сипатталады, яғни үлкендік ұғымы қазақ дүниетанымындағы даналықпен, парасаттылықпен байланысты қарастырылады; үшіншіден, «үлкендік» ұғымы кең көлемде (сөз, сөз тіркестер, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер) зерттелінбейді, біздің жұмысымызда осы мәселе тек қана мақал-мәтелдерді талдау барысында сипатталынып, өз шешімін табады.

Адамның жас ерекшелігіне қарай біз паремиялық бірліктерді үш топқа бөлдік. Солардың ішіндегі «үлкендікті» егде жасты көрсететін мақал-мәтелдер үш топқа бөлінді: «қарт» (60-100 жас), «ата» (60-80 жас), «қария» (55-60 жас), «отағасы» (40-50 жас),

қараңыз осы жас ерекшеліктеріне қарай халықтың санасында стереотиптік тілдік, мақал-мәтелдер арқылы берілетін ділдік-тілдік ұстаным қалыптасады. В.В. Красныхтың пікірінше, стереотип санада қалыптасқан нақты әлемнің бір фрагментінің ділдік суреті [3, 34 б.]. Бұл ұлттық бояуы бар бір заттық не құбылыстық тұрақты ділдік суреті, бейнелілік елесі. И.Ю. Павловская стереотипке келесі анықтаманы береді: «бұл әлеуметтік құбылыс не объектіні стандарттық бейнесі не олар туралы емес. Ол тұрақты түрде жүзеге асады, эмоционалдық реңкі бар. Адамның әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің нәтижесінде және әлеуметтік жағдайлардың әсерінің ықпалында құрылған адамның бір зат, құбылыс туралы қалыптасқан тұрақты ұстаным болып табылады [4, 56 б.].

Үлкендікті белгілейтін ділдік-мәдениеттік және тілдік стереотиптер өзінің құрамына жас шамасын көрсететін көрсететін атрибуттарды, жас ерекшелігімен байланысты теңсіздікті білдіретін атауларды белгілі бір қауымдастыққа қатыстылығын айқындайтын тілдік бірліктерді кіргізеді. Үлкендікті білдіретін мақал-мәтелдерді талдау нәтижесінде бес топ белгіленді. Бірінші топқа жас шамасын және әлеуметтік тәжірибені жинақтау ерекшелігін көрсететін мақал-мәтелдер жатады. Күнделікті тұрмыстық санада әлеуметтік-мәдени тәжірибені жеке тұлғаның басынан кешкен білім және дағдылардың жиынтығы деп түсінуге болады. Әлеуметтік тәжірибені дағдылардың, білімдердің, ептіліктердің қоры деп түсінуге болады. Кәрі адамның тәжірибесі мол болады. Оның басынан талай хикаялар өтеді, ол өмірлік тәжірибені жыл сайын жинап отырады. Мысалы, тәжірибелі адам туралы фразеологиялық бірліктер қазақ тілінде көп кездеседі. Басында тәжірибесі мол кәрі, егде адамдар туралы қазақ, ағылшын, орыс тілдеріндегі мақал-мәтелдерді келтіруге болады, мысалы: *скрипучее дерево два века живет, битая посуда два века живет, a creaking cart goes long on the wheels; creaking door hangs long on its hinges, don't change horses in midstream (коней на переправе не меняют); a fox is not taken twice in the same snare, (стреляного воробья на мякине не проведешь), old binds are not to be caught with chaff, one can not catch an old fox in a burrow with one hole (старого воробья на мякине не проведешь), an old dog barks not in vein, old dog does not bark for nothing (старый пес не будет напрасно лаять); the older the fiddle the sweeter the tune, (чем старше скрипка, тем лучше она играет, старый вол борозды не портит); an old ox will find a shelter for himself, (старый*

*человек в совете не нуждается) experience is the mother of wisdom (жизненный) опыт – основа мудрости.*

Қазақ тіліндегі паремияларда да үлкен жасқа келіп қалған адамдар ақылы толған, данышпан, тәжірибесі бай адамдар ретінде сипатталынады, қараңыз: *ел ағасыз болмас, тоң жағасыз болмас (үлкендікті білдіреді); бір аяғы төрде, бір аяғы көрде; кәріге құрмет-жасқа міндет* [5, 23 б.].

*Атаның тоны балаға жарасса, ол атасын іздемейді. (М. Қашқари); Атаның аты мен орны балаға қалады. (Ж. Баласағұн); әкеге қарап ұл туар. (М. Қашқари); Руыңда дана болсаң – білгеніңді үлестір. (М.Қашқари); Қарттың сөзі ескерусіз қалмайды. Жас шыбықтан тоқылған жазылмайды(тарқатылмайды)(М. Қашқари); Кәрілік келсе, жігіттіктен қол үз. Өзен кері қарап ақпайды (С.Сарати); Қартайсаң – жастықпен қоштас (С.Сарати); Жасы үлкенді қадірлесе – құт болар. (М. Қашқари); Кіші үлкенмен кіріспес, қырғи сұңқармен көріспес* [6, 9 б.].

Осы топқа жататын үш тілдегі паремиологиялық этникалық стереотиптерді салыстыру кезінде келесі тұжырым жасауға болады: ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде «кәрілік», «үлкендік» ұғымдары «мол тәжірибесі бар, өмірде көрген-білгенін ішінде түйіп, жас ұрпаққа өсиет ретінде даналық сөз түрінде, қысқа насихаттар кейіпінде жеткізіп отыратын қариялардың бейнесін сипаттайды. Тәжірибелі қария -халықтың өкілі. Ол інжу –маржанға толы сөздік қорын, әлеуметтік тәжірибесін жастарға мақал-мәтелдер немесе үлгілік ісі арқылы жеткізіп отырады. Оның өмір бойы санасында тәжірибесі мол ептіліктері, дағдылары бар екенін білдіреді. Оны салмақты, байсалды, аспай-саспай, нақты ісін ұқыпты орындайтын, алдауға көнбейтін, көпті көрген көне көз, ыстық-суықты да көрген, айла-шарғысы мол тұлға ретінде суреттелді.

Үшінші топқа тартқан, кәрі адамдардың денсаулығы, хал-ахуалы туралы мәлімет беретін мақал- мәтелдер жатады. Олар: *deaf as an adder (глух как тень), кәрі құлақ an old eye (старость не радость; an old ass is never good there is life in the old dog yet есть (еще порох в пороховницах); көңіл қартаймайды, көз қартаяды; баланың сегізінде тісі түседі, сексенінде ісі түседі; жастық жалын, кәрілік көмір; жасымда бейнет бар, қартайғанда зейнет бар; сексен шықпай, тоқсан кірмейді; кәріліктің алды, жастықтың арты; көп жасаған құрдасынан айрылады, қатыны сұлу жолдасынан айрылады, жақсының жасын сұрама, жүйріктің аузын аша: жас та келіп қырық екен астасар, Сол уақытта*

*жгіттік те қоштасар* (Ю. Баласағұн); *Ер өскен сайын қамы көбейер* (Ю. Баласағұн);

*Жас адам қартаяды*

*Жаңа нәрсе ескіреді:*

*Шадымен шақ ескен желдей тез өтіп.*

*Жас қартайып, жаңа ескіріп, күш қайтып*

*Қуатты бел бүгілетін кез жетер* (А. Үгінеки);

*Алпыс жаста өмірдің дәмі кетеді:*

*Жас саумалы алпысты да демде өтер,*

*Жазы қыс боп, бұл өмірден дәм кетер,*

*Тәтті өмір жоқ, өтер кеуде оты да*

*Алыс қалар жгіттіктің аты да* (Ю. Баласағұн);

*Жасыңда оқтай түзу болсақ да, қартайғанда жақтай пілесің* (Ю. Баласағұн);

*Балалар ойнап жүріп су төгеді,*

*Қарттар тойып жамбасын сындырады.*

Төртінші топқа жататын паремиологиялық бірліктер, фразеологизмдер кәрі адамдардың мінез-құлықтары, дағдылары туралы мәлімет береді, мысалы: *жасында тырысқан – қартайғанда қуанады* (М. Қашқари); *сараң дүниенің малын жиса да таймайды* (А.Үгінеки); *Берместің қолы бермеске берік келер* (А. Үгінеки); *every man has a fool in his sleeve* (конь на четырёх ногах спотыкается) *everything is good in its season* (всякому овощу свое время): *experience keeps a dear school but fools learn in no other* (опыт достаётся дорогой ценой, но дураков не научит); *fussy as a hen with one chick* (крайне суевливый); *to get the cat out of the bag* (разболтать, выдать секрет разговориться); *my silly head will never save my fingers* (от дурной головы и ногам непокой); *no man can call again yesterday* (не ищи вчерашний день); *no man is so old but thinks he may yet live another year* (как бы ни был стар человек, ему все не хочется умирать); *no wisdom like silence* (молчание - золото); *an old dog cannot alter his way of barking* (молод-перебесится, а стар-не переменится); *an old ox will find a shelter for himself* (Старый вол сам себе укрытие найдет); *the proof of the puddings is in the eating* (обед узнают по кушанью, а ум по слушанью) *wary as a cat* (очень осторожный).

Қазақ орыс ағылшын тілдеріндегі макал-мәтелдерді үлкендік стереотип бойынша салыстыру нәтижесінде келесі стереотиптерінің ұқсастығы және айырмашылықтары анықталды. Аталмыш халықтардың макал- мәтелдерінде кәрі адам тәжірибесі көп, басқаға

ақыл айтатын, өнеге – тәрбие беретін ақылды адам ретінде суреттелінеді. Екінші, үшінші топтарға кіретін паремиологиялық бірліктер әр халықта да кәрілік жас мөлшеріне тән хал – ахуалды бірдей сипаттайды. Төртінші топтағы мақал – мәтелдер егде адамдарға тән мінез құлықты жағымсыз жағынан қарастырады. Мұндай көзқарас мақал – мәтелдерде қазақ халқының ұғымында сирек кездеседі, себебі үлкен адамды қазақ халқы үнемі құрметтеп, сақалын сыйлап, беделін түсірмейтін халық.

#### Әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы, 2000. – 315 б.
2. Жақатаев Қ. Ә. Адамның жас ерекшелігіне, жынысына қатысты атаулар (лексико-семантикалық және этникалық зерттеу). – Алматы, 1999.
3. Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2001. – 270 с.
4. Павловская А. В. Стереотипы восприятия России и русских на Западе// Россия и Запад. – М., 1994.
5. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Көшпенділер баспасы, 2007. – 240 б.
6. Сөз атасы.: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырылған жинақ. – Алматы: Жазушы, 1987.

#### References:

1. Qajdar A. *Gylymdagy gumyr.* – Almaty, 2000. – 315 b. (In Kazakh.)
2. Zhaqataev Q. A. *Adamnyn zhas erekshiligine, zhynysyna qatysty ataular (leksiko-semantikalyq zhane jetnikalyq zertteu).* – Almaty, 1999. (In Kazakh.)
3. Krasnyh V.V. *Osnovy psiholingvistiki i teorii komunikacii.* – M.: Gjuzis, 2001. – 270 s. (In Russ.)
4. Pavlovskaja A. V: *Steriotipy vosprijatija Rossii i russkih na Zapade// Rossija i Zapad.* – M., 1994. (In Russ.)
5. *Qazaqtyn maqal-matelderi.* – Almaty: Koshpendiler baspasy, 2007. – 240 b. (In Kazakh.)
6. *Soz atasy.: Maqal-matelder men qanatty sozder gasyrlardagy zhazba eskertkishterdin materialdary bojnynsha qurastyrylgan zhinaq.* – Almaty: Zhazushy, 1987. (In Kazakh.)